

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МЕН ҮНДІСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АРАСЫНДАҒЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫ ОДАН ӘРІ ДАМУ ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 12 қазан 1993 ж. N 1014

Қазақстан Республикасы мен Үндістан Республикасы арасындағы ынтымақтастықты одан әрі дамыту және кеңейту мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Сауда-экономикалық, ғылыми-техникалық және өнеркәсіптік ынтымақтастық жөніндегі қазақ-үнді мемлекетаралық бірлескен комиссиясының 1993 жылғы 21-23 шілдедегі Нью-Дели қаласындағы бірінші мәжілісі барысында қол қойылған Қазақстан Республикасы мен Үндістан Республикасы арасындағы Ынтымақтастық салалары туралы уағдаластық Меморандумы және Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Үндістан Республикасының Үкіметі арасындағы Кредит туралы келісім мақұлдансын.

2. Қазақстан Республикасы мен Үндістан Республикасы арасындағы Сауда-экономикалық, ғылыми-техникалық, өнеркәсіптік және агроөнеркәсіптік ынтымақтастықты дамыту жөніндегі Негізгі шаралар бекітілсін (қоса беріліп отыр).

Министрліктер мен ведомстволар Негізгі шараларды жүзеге асыру және Үндістан Республикасымен ынтымақтастықты дамытуға бағытталған қажетті бағдарламалар мен ұсыныстарды уақтылы әзірлеп, оларды мемлекетаралық қазақ-үнді бірлескен комиссиясына ұсыну жөнінде қажетті шаралар қабылдасын.

3. Мемлекетаралық бірлескен комиссияның қазақ жағы (Әбілсейітов Ғ.Ә.): негізгі шаралардың орындалуына бақылау жасалуын қамтамасыз етсін; министрліктер мен ведомстволардың бағдарламалары ұсыныстары негізінде үш ай мерзімде Қазақстан Республикасымен Үндістан Республикасы арасындағы Сауда-экономикалық, ғылыми-техникалық, өнеркәсіптік және агроөнеркәсіптік ынтымақтастықтың Кешенді бағдарламасын әзірлеп, оны Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің бекітуіне ұсынсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің
1993 жылғы 12 қазандағы
N 1014 қаулысымен
БЕКІТІЛГЕН

Қазақстан Республикасы мен Үндістан Республикасы
арасындағы Сауда-экономикалық, ғылыми-техникалық,
өнеркәсіптік және агроөнеркәсіптік ынтымақтастықты
дамыту жөніндегі
НЕГІЗГІ ШАРАЛАР
(Кесте)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК